

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Фармация мектебі	Редакциясы: 1
		1 беті - 7 беттің
	Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже	

Бекітілді
«ҚазҰМУ» КеАҚ
Басқармасының шешімімен
2026 жылғы 17 шілде
№14 хаттама

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ
Мектебінің/Факультетінің
Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже

Қолданылу мерзімі 2026 жылғы 17 шілдеден бастап 2031 жылғы 16 шілдеге дейін	Ұзарту мерзімі 20__ жылғы «__» _____ дейін	Мәртебесі: Қолданыстағы ✓ Күші жойылған
Алдыңғы күші жойылған құжат: 2021 жылғы 19 наурыздағы №128 академиялық қызмет жөніндегі проректордың бұйрығы	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы.	Код № Көшірме № Дана №

Алматы, 2026

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже	Редакциясы: 1
			2 беті - 7 беттің

Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	3
2.	Кеңестің мақсаттары мен міндеттері	3
3.	Кеңестің құрамы, жұмысын ұйымдастыру және басқару тәртібі	4
4.	Қорытынды ережелер	5
5.	Өзгерістерді тіркеу парағы	6
6.	Танысу парағы	7

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Положение о Совете работодателей	Редакция: 1 3 беті - 7 беттің

1. Жалпы ережелер

1. Осы «ҚазҰМУ» КЕАҚ Мектебінің/Факультетінің Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – **Ереже**) «ҚазҰМУ» КЕАҚ Мектебінің/Факультетінің Жұмыс берушілер кеңесінің (бұдан әрі – **Кеңес**) мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайтын, сондай-ақ оның қызметін, «ҚазҰМУ» КЕАҚ-тың (бұдан әрі – **Университет**) басқа құрылымдық бөлімшелерімен және лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін регламенттейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

2. Кеңес жұмыс берушілер мен университет өкілдері арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін, білім беру бағдарламаларын дамыту мен жоғары білікті кадрларды даярлаудың өзекті мәселелері бойынша негізделген ұсыныстар әзірлеуге бағытталған алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Кеңестің қызметі «ҚазҰМУ» КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітілетін осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

4. Кеңес қызметінің мақсаты – еңбек нарығының заманауи талаптары мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, сапалы білім беру ортасын қалыптастыруға, сондай-ақ Мектептің/Факультеттің білім беру және ғылыми әлеуетін нығайтуға ықпал ету.

5. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Кеңес келесі функцияларды жүзеге асырады және мынадай міндеттерді орындайды:

1) жұмыс берушілердің ұсыныстары мен қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға және түлектердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

2) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, элективті пәндер каталогын және жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және өзектендіруге қатысады;

3) қолданыстағы білім беру бағдарламаларын талдап, еңбек нарығының талаптарын, білім беру қызметтерін тұтынушылардың және басқа да мүдделі тараптардың сұраныстарын ескере отырып, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) оқу және өндірістік практикаларды ұйымдастыруды қоса алғанда, білім беру процесін ұйымдастыруға және іске асыруға қатысады;

5) түлектерді даярлау сапасын қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

6) Мектептің/Факультеттің инновациялық қызметінің дамуына ықпал етеді;

7) мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған перспективалы білім беру бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қолдау көрсетеді;

8) отандық және шетелдік мамандарды білім беру процесіне және білім алушыларды бірлесіп даярлауға тартуға ықпал етеді;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже	Редакция: 1 4 беті - 7 беттің

9) түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

10) профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру мәселелерін шешуге қатысады;

11) практика базалары мен клиникалық базаларды кеңейтуге, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты дамытуға, оның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламаларын, халықаралық жобаларды және өзге де іс-шараларды іске асыруға ықпал етеді;

12) ақпараттық, қоғамдық және көрме қызметін дамытуға, сондай-ақ университеттің бұқаралық ақпарат құралдарындағы танымалдылығын арттыруға ықпал етеді;

13) «білім – ғылым – практика» үштұғырлы қағидатын дамытуға ықпал етеді;

14) қосымша білім беру бағдарламаларын және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді дамыту жөніндегі бағдарламаларды жетілдіруге қатысады;

15) мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастырудың басым бағыттарын талқылауға қатысады;

16) кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруға және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге ықпал етеді;

17) өз құзыреті шегінде Мектептің/Факультеттің дамуына байланысты өзге де мәселелерді қарайды.

3. Кеңестің құрамы, жұмысын ұйымдастыру және басқару тәртібі

6. Кеңес Университеттің Мектебі/Факультеті кеңесінің ұсынысы негізінде жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен құрылады және оның құрамы қалыптастырылады.

7. Жұмыс берушілер кеңесі жеке бір Мектепте/Факультетте немесе бірнеше Мектептің/Факультеттің бірлескен кеңесі ретінде құрылуы мүмкін.

8. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

9. Кеңес құрамына келісім бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың, практикалық денсаулық сақтау саласының, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік емес ұйымдардың, бизнес-құрылымдардың, Мектептің/Факультеттің қызмет бағытына сәйкес өзге де ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ университет өкілдері енгізілуі мүмкін.

10. Мектептердің/факультеттердің декандары Кеңес құрамына енгізу үшін республикалық және өңірлік деңгейдегі өкілдердің кандидатураларын ұсынады.

11. Кеңес мүшелерінің саны шектелмейді.

12. Кеңес мүшелері өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

13. Жұмыс берушілер кеңесінің төрағасы Мектептің/Факультеттің кеңесі құрамына кіреді және университет өткізетін іс-шараларға қатыса алады.

14. Кеңес өз мүшелерінің тең құқықтылығы, жариялылық қағидаттары негізінде және Мектеппен/Факультетпен тығыз байланыста жұмыс істейді.

15. Кеңес құрамында университетте мамандар даярлау бағыттары және өзге де критерийлер бойынша жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Фармация мектебі	Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже	Редакция: 1 5 беті - 7 беттің

16. Кеңес шешімдері ұсынымдық және консультативтік сипатта болады.

17. Кеңестің өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдері қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

18. Егер Кеңес отырысына Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі (2/3) қатысса, Кеңес шешім қабылдауға құқылы.

19. Кеңес мүшелігіне қабылдау және Кеңес құрамынан шығу мүшенің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.


20. Кеңес төрағасы мен оның орынбасары Университеттің Мектебі/Факультеті кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен Кеңес мүшелері арасынан сайланады.

21. Кеңестің жауапты хатшысы Мектептің/Факультеттің деканының шешімімен құрылымдық бөлімшенің қызметкерлері арасынан тағайындалады.

4. Қорытынды ережелер

22. Кеңесті қайта ұйымдастыру немесе тарату Университеттің Мектебі/Факультеті кеңесінің ұсынысы негізінде жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

23. Осы Ереже, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар «ҚазҰМУ» КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітіледі.



Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже

6 беті - 7 беттің

[illegible]



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА»**

Фармация мектебі

Жұмыс берушілер кеңесі туралы ереже

Редакция: 1

7 беті - 7 беттің

6. Танысу парағы

[illegible]